

ҚЫЛМИСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚТЫҢ

ОБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫ.





Адам әрекеттерінің ішінде қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет өзінің қауіпті болуымен ерекшеленеді.

Осы қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетінің сыртқы көрінісі белгілерінің жиынтығын қылмыстық құқық бұзушылықтың **объективтік жағы** құрайды.



Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағына қылмыстық құқық бұзушылықтың сыртқы көрінісін сипаттайтын мына белгілер жатады:

ОБЪЕКТИВТІ ЖАҒЫ

белгілі бір объектіге қол сұғатын әрекет немесе әрекетсіздік



қоғамға қауіпті зардаптар



әрекет (әрекетсіздік)

пен зардап арасындағы себепті байланыс



қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу тәсілі, уақыты, орны, жағдайы және т.б.





т. 30 - 70 - 23



- **ІС-ӘРЕКЕТ** – ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢМЕН ТИЫМ САЛЫНҒАН ҚАНДАЙ ДА БІР ӘРЕКЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ



- **ІС-ӘРЕКЕТ** – ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚҚА ҚАЙШЫ

- **ІС-ӘРЕКЕТ** – НАҚТЫ, САНАЛЫ ЖӘНЕ ЕРІКТІ ТҮРДЕ ЖАСАЛУЫ ТИІС



- **ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТА ЕКІ ТҮРІ КӨРСЕТІЛЕДІ**



ӘРЕКЕТ

(АДАМНЫҢ БЕЛСЕНДІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ)



ӘРЕКЕТСІЗДІК

(ЕНЖАР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ)




◆ НАҚТЫ ІС-ҚИМЫЛДАР АРҚЫЛЫ

◆ СӨЗ АРҚЫЛЫ

◆ АДАМҒА ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІҢ БОЛУЫ

◆ АДАМНЫҢ ӨЗІНЕ ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНА НАҚТЫ МҮМКІНДІКТЕРДІҢ БОЛУЫ



т. 30 - 70 - 23



ҚЫЛМЫСТЫҚ зардап түсінігі

Адамның іс-әрекеті нәтижесінде қоршаған ортада болған және қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті белгілеріне жататын өзгерістер

МАТЕРИАЛДЫҚ

азаматтарға, заңды тұлғаларға және мемлекетке келтірілген мүліктік зиян және жеке адамға келтірілген дене жарақаттары; яғни, материалдық зардаптар сыртқы дүниенің белгілі бір заттарын жою, бүлдіру, қасиетін өзгертумен немесе оларды тұрақты немесе уақытша пайдалану мүмкіндігінен айырумен байланысты зардаптар

тікелей келтірілген зияндар, алынбаған пайда, қажеттіні ала алмау, азаматтың денсаулығына келтірген зиянды қалпына келтірумен байланысты шығындар

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС

қылмыстық заңмен қорғалатын қатынастарға қатысушылардың мүдделерін сыртқы дүниенің материалдық заттарына және адамның денесіне әсер етпей бұзумен ұштасқан жағымсыз өзгерістер;

- саяси, -моральдық,
- ұйымдастырушылық, - әлеуметтік және т.б. зияндар



СЕБЕПТІ БАЙЛАНЫС


Адамның жасаған іс-әрекеті мен осы іс-әрекет нәтижесінде туындаған зиянды зардап арасындағы байланыс


адамның іс-әрекеті кемінде қоғамға қарсы, яғни, белгілі бір зиянды зардаптарды тудыру мүмкіндігін иемденетін әрекет болуы тиіс

адамның қоғамға қауіпті әрекеті қылмыстық зардаптың себебі болып танылу үшін ол әрекет зиян келтірудің қажетті жағдайы болып табылуы қажет

мезгілі, уақыты жағынан қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын құрайтын іс әрекет қоғамға қауіпті зардаптың алдын алуы қажет

белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықта себепті байланыс бар деп тану үшін іс әрекет пен зардап арасындағы объективті байланыспен қатар субъективті байланыс – кінәні анықтау қажет.





Объективті жақтың қосымша белгілері



Уақыты – бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасалған белгілі бір жыл, ай, тәулік, сағатпен есептелетін уақыт аралығы.

Мысалы, ҚК 401-бабы «Соғыс уақытында немесе төтенше жағдай кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету, сол сияқты осындай жағдайларда ұйымның жұмысына кедергі жасау».

Ал кейбір жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу уақыты жауаптылықты **ауырлататын** немсе **аса ауырлататын** белгі ретінде қарастырылады.

Мысалы, ҚК 342-бабының 3-бөлігі бойынша «ұрыс жағдайында немесе төтенше жағдай кезінде жасалған қашқындық».





т. 30 - 70 - 23



Жасалу жағдайы. Бұл жағдайлар бірде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір жоғарлатып, жауаптылықты **ауырлатушы** белгі ретінде танылса, кейде **жеңілдетілген** қылмыс құрамын құрауға септігін тигізеді.

Мысалы, ҚК 120-бабы 3- бөлігінің 4 тармағы бойынша зорлау қылмысы төтенше ахуал кезінде немесе жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалса жауаптылықты аса ауырлатады.

Ал, ҚК 102 және 112- баптарында қажетті қорғану шегінен шығу кезінде жасалған кісі өлтіру немесе денсаулыққа ауыр зиян келтіру негізгі құрамға қарағанда жеңілдетілген қылмыс құрамдарын құрайды.





жасалу тәсілі — бұл қылмыстық құқық бұзушылықты жасау үшін адамның қолданған әдіс, амалдары.

Бір қылмыстық құқық бұзушылық тек белгілі бір тәсілмен ғана жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылықтың тәсілі заңда қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің міндетті белгісі ретінде көрсетіледі.

Мысалы, меншікке қарсы жымқыру қылмыстары бір-бірінен осы қылмыстың жасалу тәсілі бойынша ажыратылады. ҚК 188-бабы «Ұрлық», яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау, ҚК 191-бабы «Тонау», яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу тәсілі әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесіне елеулі әсер ететін жағдайда заңшығарушы оны әрекеттің ауырлатушы белгісі ретінде қарастырады.



Мысалы, **ҚК 149-бабының 2-бөлігі** бойынша тұрғын үйге қол сұғылмаушылықты бұзу күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытып жасалса жауаптылықты ауырлатуға негіз болады.



Жасалу орны - қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болған, яғни, қылмыстық құқық бұзушылық әрекет басталған, аяқталған немесе қылмыстық нәтиже туған белгілі бір аумақ.

Жасалу орны да, егер ол нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті белгісі ретінде заңшығарушымен қылмыстық-құқықтық нормаға енгізілсе, әрекетті саралауға әсер етеді.

Мысалы, ҚК **281-бабы** «Жарылыс қаупі бар объектілерде немесе жарылыс қаупі бар цехтарда қауіпсіздік ережелерін бұзу», ҚК **457-бабы** «Шайқас даласында өлгендер мен жаралғандардың заттарын ұрлау», ҚК **391-бабы** «ҚР мемлекеттік туын сауда кемесінде заңсыз көтеру».


Ал мына қылмыстарда қылмыстың жасалу орны жауаптылықты ауырлататын белгі ретінде қарастырылады.

Мысалы, ҚК **191-бабының 2-бөлігі 4 тармағы** «Тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға заңсыз кірумен жасалған тонау», ҚК **242-бабының 2-бөлігі** «Төтенше экологиялық жағдай аумағында жерді бүлдіру».



Қылмыстық құқық бұзушылық құралы мен қаруы маңыздылығы жағынан қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу тәсілінен кейін екінші тұрады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың **қаруы** мен **құралы** деп жанды және жансыз компоненттерді қолданып кінәлінің қылмыстық-құқықтық қорғау объектісіне әсер ету әдістерін айтамыз.



- Қылмыстық құқық бұзушылық қаруы – бұл материалдық объектілерге әсер ететін заттар. Оларға: атыс қаруы, суық қару, құрылғылар қару ретінде пайдаланатын өзге де заттар жатады.
- Қылмыс құралы мен қаруы ҚК мына баптарында міндетті белгі ретінде кездеседі: ҚК 125-бабының 2-бөлігі «4» тармағы, ҚК 130-бабының 2-бөлігі, ҚК 148-бабының 2-бөлігі.

Объективті жақтың қосымша белгілері

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалған уақыты, орны, тәсілі, жағдайы, құралдары мен қарулары қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағының **ҚОСЫМША** белгілері. Қылмыстық істер бойынша олар іс-әрекетті саралауға ешқандай әсері жоқ.



Алайда қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағының қосымша белгілері диспозицияға шығарылған болса оларды дәлелдеу **МІНДЕТТІ** болып табылады.



Оқыңыздар!!!

Оңай емес!!!

